

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кесіби қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу және біліктілік беру жөніндегі мемлекеттік қызметтерін автоматтандырылған режимде көрсету бойынша пилоттық жобасын іске қосу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 344 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 27 мамырдағы № 115/НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 мамырда № 32616 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22 -бабына сәйкес, соңдай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының бүкіл облыстарында, респубикалық маңызы бар қалаларда, астанада Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің келесі мемлекеттік қызметтерін автоматтандырылған режимде көрсету бойынша пилоттық жоба іске қосылсын:

"Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу";

"Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу";

"Жеке сот орындаушысының қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу";

"Сот сарапшыларын аттестаттау";

"Сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау";

"Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау";

"Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалардың белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік беру";

"Сот сарапшысының біліктілігін беру".

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 14.07.2025 № 383 және ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрінің 23.07.2025 № 382/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кесіби қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу және біліктілік беру жөніндегі

мемлекеттік қызметтерін автоматтандырылған режимде көрсету бойынша пилоттық жобасын іске асыру тәртібі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаменті:

1) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау тиісті бағытқа жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэробарыш өнеркәсібі  
министрінің м.а.  
\_\_\_\_\_ A. Жамбакин

Қазақстан Республикасы Әділет  
министрі \_\_\_\_\_ A. Ескараев

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінің  
2023 жылғы 26 мамырдағы  
№ 344 мен  
Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэробарыш өнеркәсібі  
министрінің м.а.  
2023 жылғы 27 мамырдағы  
№ 115/НҚ бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кәсіби қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу және біліктілік беру жөніндегі мемлекеттік қызметтерін автоматтандырылған режимде көрсету бойынша пилоттық жобасын іске асыру ТӘРТІБІ**

Ескерту. Тәртібі жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрлінің 01.07.2024 № 555 және ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрлінің 02.07.2024 № 391/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) бірлескен бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) кәсіптік қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу ("Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу", "Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу", "Жеке сот орындаушы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу", "Сот сарапшыларын аттестаттау"; "

Сот-медицинайлық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау", "Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткерлерді аттестаттау") және біліктілік беру ("Сот-медицинскайлық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сараптамаларының бір түрін өндіру құқығына біліктілік беру", "Сот сарапшысы құқығына біліктілік беру") жөніндегі мемлекеттік қызметтерін автоматтандырылған режимде көрсету процесін айқындаиды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Әділет министрінің 14.07.2025 № 383 және КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.07.2025 № 382/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Тәртіп келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:
  - 1) Көрсетілетін қызметті алушы – кәсіптік қызметпен айналысуға және біліктілік беруге үміткер жеке тұлға;
  - 2) ӘД – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Әділет департаменттері;
  - 3) ССО – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы;
  - 4) Тестілеу операторы - тестілеу рәсімдерін ұйымдастыруды және "Кәсіби қызметпен айналысу және біліктілік беру құқығына автоматтандырылған режимде кешенді тестілеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету" АЖ техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуші оператор;
  - 5) ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;
  - 5) Портал – "электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz).

Тәртіpte пайдаланылатын барлық өзге терминдер "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында қолданылатын мағынада пайдаланылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Әділет министрінің 14.07.2025 № 383 және КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.07.2025 № 382/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі ) бірлескен бұйрығымен.

**2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша пилоттық жобаны іске асыру тәртібі**

1 параграф. "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу", "Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу", "Жеке сот

## **орындаушы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібі**

3. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына аттестацияға өту үшін көрсетілетін қызметті алушы ӘД портал арқылы осы Тәртіптің 7-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтінішті және Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20774 болып тіркелген) "Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 1-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестацияға өту үшін көрсетілетін қызметті алушы ӘД портал арқылы осы Тәртіптің 7-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтінішті және Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 62 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20775 болып тіркелген) "Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 1-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына аттестацияға өту үшін көрсетілетін қызметті алушы ӘД портал арқылы Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20836 болып тіркелген) "Жеке сот орындаушы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларына 2-қосышасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтінішті және 1-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

4. ӘД құжаттар түсken күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе портал арқылы жіберіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

5. ӘД құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда өтінішті қабылдаудан бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда ӘД құжаттардың Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің міндетін атқарушының

2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген, (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10270 болып тіркелген) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген, (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10270 болып тіркелген) нотариаттық қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №32 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10308 болып тіркелген) жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді.

6. Көрсетілетін қызметті алушының атtestаттауға жіберу туралы құжаттарын ӘД құжаттар тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

7. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін ӘД көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын ӘД оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша ӘД үміткерді атtestаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

ӘД атtestаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді өтініш тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей қызмет алушыға қысқа мәтіндік хабарламаның абоненттік нөміріне немесе портал арқылы "жеке кабинетке" жібереді.

8. Атtestаттауға жіберілген көрсетілетін қызметті алушыны атtestаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде атtestаттауды өткізу орны, күні, уақыты, тәртібі туралы ӘД оның қысқа мәтіндік хабарламаның абоненттік нөміріне немесе портал арқылы "жеке кабинетке" беру арқылы хабардар етеді.

9. ӘД атtestаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тестілеу операторына атtestацияға жіберілген тұлғалардың тізімін жолдайды.

10. Атtestаттау Тестілеу операторының техникалық жабдықталған тестілеу залдарында өткізіледі.

11. Атtestаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеу (адвокаттық қызмет бойынша – 100 сұрақ: Қазақстан Республикасының

Азаматтық кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – 5, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 10; нотариаттық қызмет бойынша – 100 сұрап; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Жер кодексі – 15, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодексі – 15, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – 5, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 5, "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 10, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 15, "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 15; жеке сот орындаушыларының қызметі бойынша – 100 сұрап; "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – 45, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі – 10, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі – 10, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 5, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі – 5, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – 5, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – 15, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодексі – 5).

2) практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған компьютерлік тестілеу (3 ситуациялық жағдай бойынша 12 сұрап).

12. Аттестаттау тестілеріне енгізілуі тиіс сұрақтардың тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітеді.

13. Үміткерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын білуін тексеруге арналған сұрақтардың жауабының біреуі дұрыс болған кемінде төрт нұсқасы болады.

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған сұрақтарда бір дұрыс жауаппен кемінде үш нұсқасы қамтылады.

14. Аттестаттау сұрақтары және олардың жауаптары құпия ақпарат болып табылады және таратуға жатпайды.

Министрлік Тестілеу операторына аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын электрондық жеткізгіште жолдайды.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптары ашық байланыс түрлерінің техникалық арналары (телефон, жалпы қолданыстағы факсимильді байланыс, радиобайланыс, спутниктік және ұялы (жылжымалы (мобиЛЬДІ) байланыс, Интернет желісі) арқылы беруге жол берілмейді.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын өндөуді, пайдалануды, сақтауды, есепке алушуды және жою есептеу техникасы құралдарында (бұдан әрі – ЕТК) жүктеп алу, құжатты қайта жіберу және Интернетке қосу мүмкіндігінсіз жүзеге асырылуға тиіс.

Тестілеу өткізілетін ЕТК-ға магниттік тасығыштарға қолжетімділік бұғатталуы тиіс.

15. Аттестаттауға келген кезде көрсетіletіn қызметті алушының өзімен бірге оның жеке басын күэландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) цифрлық жеке күелігі болуы қажет.

16. Аттестаттаудан өту алдында Тестілеу операторы көрсетіletіn қызметті алушыны аттестаттау кезеңдерін өткізу тәртібі, олардың ұзақтығы туралы хабардар етеді.

17. Көрсетіletіn қызметті алушы аттестаттаудан өз тандауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде өтеді.

18. Аттестаттауды өткізу кезінде көрсетіletіn қызметті алушының анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиеттерді қағаз, электрондық және өзге де жеткізгіштерде, қабылдайтын-беретіn электрондық құрылғыларда (оның ішінде мобиЛЬДІ телефондар мен өзге де электрондық жабдықтар) пайдалануға жол берілмейді.

Мұндай құрылғылар тестілеу кезінде ұяшықтары бар арнайы шкафттарда сақтауға орналастырылады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда Тестілеу операторы көрсетіletіn қызметті алушыны ағымдағы аттестаттаудан шеттете отырып, бұзушылық туралы акт жасайды.

19. Аттестаттаудан шеттетілген көрсетіletіn қызметті алушы шешім шығарылған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

20. Еңсерілмейтіn қүш (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен тестілеуді жалғастыру мүмкін болмаған кезде тестілеу тоқтатыла тұрады және тестілеу рәсімін тоқтата тұру туралы акт ресімделеді.

Бұл жағдайда көрсетіletіn қызметті алушы аттестаттаудан қайтадан өтеді.

21. Заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуді орындауға бөлінген жалпы уақыт - 90 (тоқсан) минут (100 сұрақ).

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған тестті орындауға бөлінген жалпы уақыт - 60 (алпыс) минут (3 практикалық жағдайға 12 сұрақтан кем емес).

22. Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 % (жетпіс) және одан астамын құраса, көрсетілетін қызметті алушы заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі және практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеудің екінші кезеңіне жіберіледі.

Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 65 % (алпыс бес) және одан астамын құраса, көрсетілетін қызметті алушы практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудың екі кезеңінен он нәтижемен өткен кезде аттестаттаудан өткен болып есептеледі.

23. Тестілеуде белгіленген мәндерден төмен нәтиже алған кандидаттарға қайта тестілеуге алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кем емес мерзімнен кейін жол беріледі.

24. Аттестаттаудың әрбір кезеңін өту нәтижелерін Тестілеу операторы ӘД көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудың соңғы кезеңін өткеннен кейін 1 (бір) жұмыс күн ішінде жібереді.

25. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы тәртібінің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша аттестаттау/аттестаттамау туралы дәлелді шешім болып табылады (пилоттық аймақтар үшін).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, ӘД уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылады және электрондық күжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

26. ӘД компьютерлік тестілеу процесінде не практикалық тапсырмаларда (көрсетілетін қызметті алушыға тәуелді емес) техникалық ақаулар және/немесе қателер анықтаған жағдайда, техникалық іркілістер туралы актімен дәлелденген кезде ӘД Тестілеу операторының атына дәлелді хат жолдау арқылы аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберу туралы шешім қабылдайды.

Аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберу үшін көрсетілетін қызметті алушының ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан 70% (жетпіс) және одан да көп жинауға мүмкіндік беретін дұрыс белгіленген жауаптарында қателердің болуы (көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес) негіз болып табылады.

Практикалық тапсырмаларда қателер (көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес) анықталған кезде көрсетілетін қызметті алушы екінші кезеңге қайта жіберіледі.

27. Дәлелді себеппен (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туысының қайтыс болуы және еңсерілмейтін күш салдарынан) аттестаттауға келмеген көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен растайтын күжаттарды ұсынған жағдайда тестілеуден ӘД бекіткен басқа күні өте алады. Өтініш тестілеуді өткізіп алған күннен бастап 5 (жұмыс) күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Аттестаттауға дәлелді себептерсіз келмеген көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады. Бұл ретте ол аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

28. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының адвокатура, нотариат және жеке сот орындау саласындағы заңнамасы бойынша білімін тексеру, сондай-ақ аттестациядан өтуге дайындалу мақсатында сынақ тестілеуден өте алады.

Сынақ тестілеу нәтижелері аттестаттау/аттесттамау туралы уәжделген шешім шығаруға негіз болып табылмайды.

29. Аттестаттау туралы шешім ол шығарылған қуннен бастап үш жыл ішінде жарамды болып табылады.

## **Параграф 2. "Сот сарапшыларын аттестаттау"; "Сот-медицинский, сот-психиатрический, сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі**

30. ССО Тестілеу операторын және аттестаттауға жататын көрсетілетін қызметті алушыларды аттестаттауды өткізу туралы оны өткізу басталғанға дейін күнтізбелік отыз қуннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

31. "Сот-сараптама қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағына сәйкес лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысадын адамдарды кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы шешімді Министрлікten сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссиясы қабылдайды, ал сот сараптамалары органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларын ССО басшысы қабылдайды.

32. Сот сарапшысының бір уақытта 1 (бір) сараптамалық мамандықтан аспайтын біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау бойынша аттестаттаудан өтуге жол беріледі.

33. Көрсетілетін қызметті алушылар Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы №336 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15033 тіркелген) Сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларына 1-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды портал арқылы ССО жібереді.

34. ССО құжаттарды қараудың және рұқсат берудің жалпы мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

35. ССО құжаттар келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтінішті қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

Отініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

36. ССО құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда дәлелді бас тартуды дайындайды.

37. Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күн бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан өтуге жіберіледі не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

38. ССО аттестаттауға жататын көрсетілетін қызметті алушыларды аттестаттауды өткізу орны, күні, уақыты, тәртібі туралы оның абоненттік нөміріне қысқа мәтіндік хабарлама немесе портал арқылы "жеке кабинетке" беру арқылы жазбаша хабардар етеді.

39. Аттестаттау 2 кезеңде, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жүргізіледі:

1) заңнаманы білуге компьютерлік тестілеу (100 сұрақ) қылмыстық процестік құқық (20 сұрақ); азаматтық процестік құқық (20 сұрақ); криминалистика (20 сұрақ); әкімшілік құқық (20 сұрақ); "Сот-сараптама қызметі туралы" КР Заңы (бұдан әрі – Зан) (20 сұрақ);

2) практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеу.

40. Аттестаттау тестілеріне енгізілуі тиіс сұрақтардың тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітеді.

41. Аттестаттау сұрақтары және олардың жауаптары құпия ақпарат болып табылады және таратуға жатпайды.

Министрлік Тестілеу операторына аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын электрондық жеткізгіште жолдайды.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптары ашық байланыс түрлерінің техникалық арналары (телефон, жалпы қолданыстағы факсимильді байланыс, радиобайланыс, спутниктік және ұялы (жылжымалы (мобиЛЬДІ) байланыс, Интернет желісі) арқылы беруге жол берілмейді.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын өндөуді, пайдалануды, сақтауды, есепке алушы және жою есептеу техникасы құралдарында (бұдан әрі – ЕТК) жүктеп алу, құжатты қайта жіберу және Интернетке қосу мүмкіндігінсіз жүзеге асырылуға тиіс.

Тестілеу өткізілетін ЕТК-ға магниттік тасығыштарға қолжетімділік бұғатталуы тиіс.

42. Көрсетілетін қызметті алушылар жеке басын куәландыратын құжатты немесе "цифрлық құжаттар" сервисінен электрондық құжатты көрсеткен кезде тестілеуге жіберіледі.

43. Заңнаманы білуге арналған тестілеу уақыты - 90 минутты, практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған тестілеу уақыты - белгілі бір

мамандық бойынша 30 (отыз) минут 2 (екі) кейсті, әр кейс бойынша 5 (бес) тапсырманы құрайды).

44. Аттестаттауды өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушының анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиеттерді қағаз, электрондық және өзге де жеткізгіштерде, қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларда (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтарда) пайдалануға жол берілмейді.

Мұндай құрылғылар тестілеу кезінде ұяшықтары бар арнайы шкафтарда сақтауға орналастырылады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда Тестілеу операторы көрсетіletтін қызметті алушыны ағымдағы аттестаттаудан шеттете отырып, бұзушылық туралы акт жасайды.

Аттестаттаудан шеттетілген көрсетіletтін қызметті алушы шешім шығарылған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

45. Еңсерілмейтін күш (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен тестілеуді жалғастыру мүмкін болмаған кезде тестілеу тоқтатыла тұрады және тестілеу рәсімін тоқтата тұру туралы акт ресімделеді.

Бұл жағдайда көрсетіletтін қызметті алушы аттестаттаудан қайта өте алады.

46. Заңнаманы білуге тестілеуден өтудің шекті деңгейі сұрақтардың жалпы санынан дұрыс жауаптардың 70% және әрбір нормативтік құқықтық акт бойынша дұрыс жауаптардың кемінде 50% құрайды.

Егер заңнаманы білуге арналған тестілеу нәтижелері белгіленген шекті деңгейден аз болған жағдайда, көрсетіletтін қызметті алушы аттестаттаудың келесі кезеңіне жіберілмейді.

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге тестілеуден өтудің шекті деңгейі ситуациялық міндеттердің жалпы санынан дұрыс жауаптардың 70 % құрайды.

47. Тестілеу нәтижелерін есептеу Тестілеу операторының пайдаланылатын компьютерлік бағдарламасының көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

48. Нәтижелер түпнұсқалығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында ССО мөрімен расталатын екі данада басып шығарылады. Бір данасы көрсетіletтін қызметті алушыға беріледі, екінші данасы көрсетіletтін қызметті алушының қолымен көрсетіletтін қызметті алушының аттестаттау ісінде сақталады.

49. Аттестаттаудан өтпеген көрсетіletтін қызметті алушы бір реттен артық емес қайта аттестаттауға жатады.

50. Қайта аттестаттау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы №336 бұйрығымен бекітілген Сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларының 12-тармағында айқындалған тәртіппен аттестаттау өткізілген күннен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кешіктірілмей өткізіледі.

51. Қайта аттестаттау кезінде заңнаманы білуге тестілеу бойынша шекті деңгейден өткен көрсетілетін қызметті алушы практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге тестілеуге жіберіледі.

52. ССО 1 (бір) жұмыс күні ішінде аттестаттаудан өту/өтпеу туралы шешімді электрондық форматта ресімдейді, ол көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ССО басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

53. Аттестаттаудан өту туралы шешім ол шығарылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде жарамды болып табылады.

54. Дәлелді себеппен (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туысының қайтыс болуы және еңсерілмейтін күш салдарынан) аттестаттауға келмеген көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда тестілеуден ССО бекіткен басқа күні өте алады. Өтініш тестілеуді өткізіп алған күннен бастап 5 (жұмыс) күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Аттестаттауға дәлелді себептерсіз келмеген көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады. Бұл ретте ол аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

55. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының сот-сараптамасы саласындағы заңнамасы бойынша білімін тексеру, сондай-ақ аттестациядан өтуге дайындалу мақсатында сынақ тестілеуден өте алады.

Сынақ тестілеу нәтижелері аттестаттау/аттесттамау туралы уәжделген шешім шығаруға негіз болып табылмайды.

**Параграф 3. "Сот-медицинская, сот-психиатрическая және сот-наркологияльская, сараптамалардың белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік беру"; "Сот сарапшысының біліктілігін беру"**

56. Сот сарапшысының біліктілігін беру көрсетілетін қызметті алушы біліктілік куәлігін не біліктілік куәлігіне толықтыруды бере отырып, заңнаманы білуге және практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге тестілеуді тапсыру жолымен жүзеге асырылады.

57. Біліктілік даярлығы аяқталғаннан кейін, Көрсетілетін қызметті беруші тестілеуге жататын адамдардың тізімін он жұмыс күні ішінде Тестілеу операторына жібереді.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 25.01.2025 № 55 және ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.01.2025 № 31/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қүшіне енеді) бірлескен бүйрыймен.

58. Көрсетілетін қызметті алушы тестілеуді тапсырғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын ССО осы тәртіптің 6-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы

өтінішті және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы №335 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15031 болып тіркелген) Сот сарапшысының біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидаларына 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес электрондық құжат нысанында біліктілік қуәлігін не біліктілік қуәлігіне толықтыруды алу үшін құжаттарды жібереді.

59. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің жалпы мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

60. ССО құжаттар келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Портал арқылы көрсетіletтін қызметті алушыға "жеке кабинетке" мемлекеттік көрсетіletтін қызметке өтінішті қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

61. ССО құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда дәлелді бас тартуды дайындайды.

62. Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетіletтін қызметті алушы біліктілік емтиханын тапсыруға жіберіледі не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жіберіледі.

63. Көрсетіletтін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, көрсетіletтін қызметті алушы 2 (екі) жұмыс күні бұрын тестілеуді өткізу орны, күні, уақыты, тәртібі туралы оның абоненттік нөміріне қысқа мәтіндік хабарлама беру арқылы немесе портал арқылы "жеке кабинетке" хабардар етіледі.

64. Тестілеу 2 кезенде, көрсетіletтін қызметті алушының таңдауы бойынша қазак немесе орыс тілдерінде жүргізіледі:

1) заңнаманы білуге компьютерлік тестілеу (100 сұрақ) қылмыстық процестік құқық (20 сұрақ); азаматтық процестік құқық (20 сұрақ); криминалистика (20 сұрақ); әкімшілік құқық (20 сұрақ); Заң бойынша (20 сұрақ);

2) практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге компьютерлік тестілеу.

65. Тестілеуге енгізілуі тиіс сұрақтардың тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекіtedі.

66. Аттестаттау сұрақтары және олардың жауаптары құпия ақпарат болып табылады және таратуға жатпайды.

Министрлік Тестілеу операторына аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын электрондық жеткізгіште жолдайды.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптары ашық байланыс түрлерінің техникалық арналары (телефон, жалпы қолданыстағы факсимильді байланыс,

радиобайланыс, спутниктік және ұялы (жылжымалы (мобиЛЬДІ) байланыс, Интернет желісі) арқылы беруге жол берілмейді.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын өндөуді, пайдалануды, сактауды, есепке алушты және жою есептеу техникасы құралдарында (бұдан әрі – ЕТК) жүктеп алу, құжатты қайта жіберу және Интернетке қосу мүмкіндігінсіз жүзеге асырылуға тиіс.

Тестілеу өткізілетін ЕТК-ға магниттік тасығыштарға қолжетімділік бұғатталуы тиіс.

67. Көрсетілетін қызметті алушылар жеке басын куәландыратын құжатты не "цифрлық құжаттар" сервисінен электрондық құжатты ұсынған кезде тестілеуге жіберіледі.

68. Заннаманы білуге тестілеу уақыты 90 (тоқсан) минутты, практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге тестілеу уақыты - белгілі бір мамандық бойынша 30 (отыз) минутты (2 (екі) кейсті, әр кейс бойынша 5 (бес) тапсырманы) құрайды.

69. Тестілеуді өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушының анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиеттерді қағаз, электрондық және өзге де тасығыштарда, қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларда (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтарда) пайдалануға жол берілмейді.

Мұндай құрылғылар тестілеу кезінде ұяшықтары бар арнайы шкафтарда сактауға орналастырылады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті алушыны ағымдағы тестілеуден шеттете отырып, бұзушылық туралы акт жасайды.

Тестілеуден шеттетілген көрсетілетін қызметті алушы шешім шығарылған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң сот сарапшысы біліктілікті алу үшін тестілеуге жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

70. Еңсерілмейтін күш (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен тестілеуді жалғастыру мүмкін болмаған кезде тестілеу тоқтатыла тұрады және тестілеу рәсімін тоқтата тұру туралы акт ресімделеді.

Бұл жағдайда көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан қайта өте алады.

71. Көрсетілетін қызметті алушылар үшін заннаманы білуге тестілеуден өтудің шекті деңгейі сұрақтардың жалпы санынан дұрыс жауаптардың кемінде 70% құрайды.

Егер заннаманы білуге арналған тестілеу нәтижелері белгіленген шекті деңгейден аз болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы тестілеудің келесі кезеңіне жіберілмейді

Практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге арналған тестілеуден өтудің шекті деңгейі белгілі бір мамандық бойынша ситуациялық міндеттер сұрақтарының жалпы санынан дұрыс жауаптардың 70 % құрайды.

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 25.01.2025 № 55 және ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің**

27.01.2025 № 31/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді)  
бірлескен бұйрығымен.

72. Тестілеу нәтижелерін есептеу Тестілеу операторының пайдаланылатын компьютерлік бағдарламасының көмегімен автоматты түрде компьютерлік бағдарламамен жүргізіледі.

73. ССО 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық форматта біліктілік емтиханынан өту/өтпеу туралы шешімді ресімдейді, ол көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" ССО басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

74. Тестілеуден өтпеген көрсетілетін қызметті алушы оны сот сараптамаларының біліктілік даярлығынан өткеннен кейін үш айдан ерте емес және алты айдан кешіктірмей қайта өте алады.

75. Дәлелді себеппен (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туысының қайтыс болуы және еңсерілмейтін күш салдарынан) аттестаттауға келмеген көрсетілетін қызметті алушы өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда тестілеуден ССО бекітken басқа күні өте алады. Өтініш тестілеуді өткізіп алған күннен бастап 5 (жұмыс) күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Аттестаттауға дәлелді себептерсіз келмеген көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады. Бұл ретте ол аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

76. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының сот-сараптамасы саласындағы заңнамасы бойынша білімін тексеру, сондай-ақ аттестациядан өтуге дайындалу мақсатында сынақ тестілеуден өте алады.

Сынақ тестілеу нәтижелері аттестаттау/аттесттамау туралы уәжделген шешім шығаруға негіз болып табылмайды.

#### **Параграф 4. "Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау"**

77. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1316 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда №17322 болып тіркелген "Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды электрондық құжат нысанында жібереді.

78. Министрлік құжаттар келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады. Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтінішті қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

79. Министрлік құжаттарды тіrkеген сәтten бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, Ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықталған жағдайда дәлелді бас тартуды дайындайды.

80. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда Министрлік құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді.

81. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Министрлік көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын алдын ала шешім бойынша Министрлік оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша Министрлік үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы дәлелді шешім шығарады.

82. Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді Министрлік өтініш тіркелген сәтten бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

83. Аттестаттауға жіберілген көрсетілетін қызметті алушыны аттестаттауды өткізу орны, күні, уақыты, тәртібі туралы Министрлік оның абоненттік нөміріне хабарлама жіберу арқылы немесе портал арқылы "жеке кабинетке" аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәтten бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

84. Көрсетілетін қызметті алушы аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылданған сәтten бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тестілеу операторына аттестаттауға жіберілген адамдардың тізімін жібереді.

85. Аттестаттауды Министрлік құжаттарды тіrkеген күннен бастап 10 жұмыс (он) күні ішінде жүргізеді.

86. Аттестаттау зияткерлік меншік құқығы саласындағы заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеу түрінде өткізіледі.

87. Аттестаттау тесттеріне енгізуге жататын мәселелердің тізбесін Министрлік қалыптастырады.

88. Үміткерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын білуін тексеруге арналған сұрақтардың (100 сұрақ: өнертабыстар мен пайдалы модельдерді құқықтық қорғау – 25, өнеркәсіптік үлгілерді құқықтық қорғау – 25, селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау – 25, тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау – 25) жауабының біреуі дұрыс болған кемінде төрт нұсқасы болуы тиіс.

89. Аттестаттау сұрақтары және олардың жауаптары құпия ақпарат болып табылады және таратуға жатпайды.

Министрлік Тестілеу операторына аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын электрондық жеткізгіште жолдайды.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптары ашық байланыс түрлерінің техникалық арналары (телефон, жалпы қолданыстағы факсимильді байланыс, радиобайланыс, спутниктік және ұялы (жылжымалы (мобиЛЬДІ) байланыс, Интернет желісі) арқылы беруге жол берілмейді.

Аттестаттау сұрақтары мен олардың жауаптарын өндөуді, пайдалануды, сақтауды, есепке алушды және жою есептеу техникасы құралдарында (бұдан әрі – ЕТК) жүктеп алу, құжатты қайта жіберу және Интернетке қосу мүмкіндігінсіз жүзеге асырылуға тиіс.

Тестілеу өткізілетін ЕТК-ға магниттік тасығыштарға қолжетімділік бұғатталуы тиіс.

90. Аттестаттау компьютерлік техниканы пайдалана отырып, Тестілеу операторының базасында жүргізіледі.

91. Аттестаттаудан өту алдында Тестілеу операторы үміткерді аттестаттау кезеңдерін өткізу тәртібі, олардың ұзактығы және үміткерлерді іріктеу рәсімінің мазмұны туралы хабардар етеді.

92. Аттестаттауды өткізу кезінде көрсетілетін қызметті алушының анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиеттерді қағаз, электрондық және өзге де жеткізгіштерде, қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларда (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтарда) пайдалануға жол берілмейді.

Мұндай құрылғылар тестілеу кезінде ұяшықтары бар арнайы шкафтарда сақтауға орналастырылады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда Тестілеу операторы көрсетілетін қызметті алушыны ағымдағы аттестаттаудан шеттете отырып, бұзушылық туралы акт жасайды.

Аттестаттаудан шеттетілген көрсетілетін қызметті алушы шешім шығарылған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта бере алады.

93. Еңсерілмейтін күш (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен тестілеуді жалғастыру мүмкін болмаған кезде тестілеу тоқтатыла түрады және тестілеу рәсімін тоқтата түру туралы акт ресімделеді.

Бұл жағдайда көрсетілетін қызметті алушы аттестаттаудан қайта өте алады.

94. Заңнаманы білуге арналған тестті орындауға бөлінген жалпы уақыт-90 (тоқсан) минут (100 сұрак).

Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан 70 (жетпіс) және одан көп болса, көрсетілетін қызметті алушы заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеуден өтті деп есептеледі.

95. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу пайдаланылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

96. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басып шығарылады, олардың біреуі тестілеу аяқталғаннан кейін танысу және жеке қол қойылған нәтижелерімен танысу фактісінің көрсетілуі үшін кандидатқа ұсынылады.

Министрлік 1 (бір) жұмыс күні ішінде аттестаттаудан өту/өтпеу туралы шешімді электрондық форматта ресімдейді, ол көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" Министрлік басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

97. Тестілеуде белгіленген мәндерден төмен нәтиже алған кандидаттарға қайта тестілеуге алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кем емес мерзімнен кейін жол беріледі.

98. Көрсетілетін қызметті алушы тестілеуге келмеген жағдайда аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі. Аттестаттау нәтижесін Министрлік көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Тестілеу операторы Министрлікті тестілеу өткізілген күні көрсетілетін қызметті алушының келмегені туралы хабардар етеді.

Дәлелді себептермен (ауру, жақын туыстарының қайтыс болуы және еңсерілмейтін қүштің жағдаяттары) аттестаттауға келмеген адам өтінішті және растайтын құжаттарды ұсынған кезде Министрлік белгілеген басқа күні тестілеуден өтуі мүмкін. Өтініш тестілеуді өткізіп алған күннен бастап 5 (жұмыс) күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс

99. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының зияткерлік құқық саласындағы заңнамасы бойынша білімін тексеру, сондай-ақ аттестациядан өтуге дайындалу мақсатында сынақ тестілеуден өте алады.

Сынақ тестілеу нәтижелері аттестаттау/аттесттамау туралы уәжделген шешім шығаруға негіз болып табылмайды.

### **3-тaraу. Аттестаттау нәтижелеріне шағымдану тәртібі**

100. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысы атына, Министрлікке немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

101. Көрсетілетін қызметті берушінің атына не Министрлікке келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

102. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелері бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Әділет министрлігінің кәсіби  
қызметпен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу және  
біліктілік беру жөніндегі  
мемлекеттік қызметтерін  
автоматтандырылған режимде  
көрсету бойынша пилоттық  
жобасын іске асыру  
тәртібіне 1 қосымша

Номер \_\_\_\_\_

**Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерді аттестаттау/аттестаттамау туралы  
шешім**

қала _____	күні _____
------------	------------

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)  
аттестатталды/аттестатталмады деп танылсын.

Басшы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің кәсіби  
қызметпен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу және  
біліктілік беру жөніндегі  
мемлекеттік қызметтерін  
автоматтандырылған режимде  
көрсету бойынша пилоттық  
жобасын іске асыру  
тәртібіне 2 қосымша

Номер \_\_\_\_\_

**Нотариаттық қызметімен айналысу құқығына үміткерді аттестаттау/аттестаттамау туралы  
шешім**

қала _____	күні _____
------------	------------

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)  
аттестатталды/аттестатталмады деп танылсын.

Басшы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің кәсіби  
қызметпен айналысу құқығына

үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу және  
біліктілік беру жөніндегі  
мемлекеттік қызметтерін  
автоматтандырылған режимде  
көрсету бойынша пилоттық  
жобасын іске асыру  
тәртібіне 3 қосымша

Номер \_\_\_\_\_

**Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына біліктілік емтиханының өткені туралы шешім**

қала _____	күні _____
------------	------------

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензия алу үшін біліктілік емтиханының өтті деп танылсын.

Басшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің кәсіби  
қызметпен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу және  
біліктілік беру жөніндегі  
мемлекеттік қызметтерін  
автоматтандырылған режимде  
көрсету бойынша пилоттық  
жобасын іске асыру  
тәртібіне 4 қосымша

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**

**Сот сарапшысының аттестаттаудан өту туралы шешім**

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің кәсіби  
қызметпен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу және  
біліктілік беру жөніндегі  
мемлекеттік қызметтерін  
автоматтандырылған режимде  
көрсету бойынша пилоттық  
жобасын іске асыру  
тәртібіне 5 қосымша

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**



Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігі №\_\_\_\_\_

Астана қаласы	"—" 20 ж.
---------------	-----------

Осы куәлік \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу құқығымен сот сарапшысы біліктілігі берілді.

---

(комиссия төрағасының қолы немесе ЭЦК)

Казақстан Республикасы Әділет министрлігі



№\_\_\_\_\_ сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігіне қосымша

Астана қаласы	"—" 20 ж.
---------------	-----------

Осы куәлік \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу құқығымен сот сарапшысы біліктілігі берілді.

---

(комиссия төрағасының қолы немесе ЭЦК)

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің кәсіби  
қызметпен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды  
аттесттатаудан өткізу және  
біліктілік беру жөніндегі  
мемлекеттік қызметтерін  
автоматтандырылған режимде  
көрсету бойынша пилоттық  
жобасын іске асыру  
тәртібіне 6 қосымша  
Отініш нысаны "Қазақстан  
Республикасы Әділет  
министрлігінің  
Сот сараптамалары орталығы"  
Респубикалық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорны

## Отініш

Сізден, мені келесі сарапшылық мамандықтар: \_\_\_\_\_ бойынша  
сот сарапшысының біліктілігін беру үшін тестілеу тапсыруға жіберуіңізді сұраймын:

Коса берілген құжаттардың тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Ақпараттық жүйелердегі қамтылған, заңмен қорғалған құпияны құрайтын  
мәліметтерді қолдануға келісемін:

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және қызмет алушының қолы)

Отініш беру күні

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің кәсіби  
қызметпен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды  
аттесттатаудан өткізу және  
біліктілік беру жөніндегі  
мемлекеттік қызметтерін  
автоматтандырылған режимде  
көрсету бойынша пилоттық  
жобасын іске асыру  
тәртібіне 7 қосымша  
Отініш нысаны Облыстың,  
респубикалық маңызы бар

## Өтініш

Сізден, мені адвокаттық/нотариаттық қызметпен айналысу құқығына  
аттестаттаудан өтуге жіберулеріңді сұраймын.

Осымен: мен анық мәліметтерді ұсыну үшін жеке жауап беретінім; көрсетілген  
барлық деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға аттестаттаудан өтуге  
рұқсат беру немесе бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін;  
сотпен өтініш берушіге лицензияланатын қызмет түрімен және / немесе кіші қызмет  
турімен айналысуға тыйым салмаған; қоса берілген барлық құжаттар дұрыс және  
жарамды екені расталады.

Қоса берілген құжаттардың тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Ақпараттық жүйелердегі қамтылған, заңмен қорғалған құпияны құрайтын  
мәліметтерді қолдануға келісемін:

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және қызмет алушының қолы)

Өтініш беру күні